

# ТОҚЫМА ДИЗАЙНЕРІ – СҰРАНЫСТАҒЫ МАМАНДЫҚ

**Күн сайын айналамызда әртүрлі суреттер мен принтері бар мыңдаған маталарды көреміз. Олар – диван төсеніштері, жаймалар, парақ, сүлгі, киім-кешек, автомобиль салонындағы материалдар т.б. осылай шексіз жалғасуы мүмкін. Мұның бәрі тоқыма дизайнерлерінің жұмысының нәтижесі.**

Тоқыма дизайнері – бұл материалдардың құрылымын құруға көмектесетін және интерьер мен сән индустриясында қолданылатын маталарға өрнектер, сызбалар, басып шығарулар жасайтын маман. Дизайнер жұмысқа кіріспес бұрын, ол клиенттің тілектерін талқылап, түсініп, дұрыс түсіндіруі керек. Сондай-ақ, материалдың сипаттамаларын (беріктігі, массасы, өнімділігі, материалдың жанғыштығы) ескере отырып, матаның дұрыс түрін және оңтайлы үлгіні таңдау үшін не үшін қолданылатынын білуі тиіс.

Тоқыма дизайнерінің келесі кезеңі – қиялдың шығармашылық ұшуы. Алынған ақпаратты ескере отырып, ол жаңа мата идеясын және эскиздерді әзірлеуді бастайды. Көптеген мамандар қолмен қарындаш, бояулармен сурет салады, содан кейін суреттерді электронды түрге аударады. Қазір сала мамандары компьютерлік бағдарламалар-

да жұмыс істеуге көшті. Көбінесе тоқыма дизайнерлері автоматтандырылған дизайн жүйесін (АЖЖ) пайдаланады.

Тоқыма дизайнында мансапты бірнеше жолмен бастауға болады:

- Тоқыма өндірісіне жұмысшы болып орналасу және біртіндеп тоқыма дизайнері лауазымына көтерілу.

- Профильдік білім алу, портфолио құру және тоқыма дизайнері немесе оның көмекшісі лауазымын алу.

Бірінші және екінші жағдайда тоқыма дизайны бойынша мамандандырылған оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларына назар аударған жөн. Өйткені осы саладағы жұмыс берушілер тиісті бағдарламаны аяқтағаны туралы дипломы бар білікті мамандарға артықшылық береді.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта Қазақстанда тоқыма өнеркәсібі енді дамып келеді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 6В07261 «Инновациялық тоқыма, дизайн және декор» жаңа білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады.

Осы білім беру бағдарламасы бойынша студенттер тоқыма өндірісінің тарихын, қасиеттері мен технологияларын зерделейді, трендтерді болжауды, зерттеулер жүргізуді үйренеді және дизайнға деген эмоционалды көзқараспен танысады. Егер маман бәсекеге қабілетті болғысы келсе, тоқыма дизайнері бойынша сапалы білім ала отырып, магистратура мен докторантурада әрі қарай оқуына болады.

Түлектер тоқыма және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында, сәнді брендтер мен дизайн-студияларда жұмыс істейді. Айта кету керек, жеке және кәсіби өзін-өзі дамытуда тоқтамайтын мамандар ерекше биіктерге жетеді.

Осы мақсатта түлектерді әлемнің үздік топ 500 ЖОО кіретін Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірінде 6В07261 «Инновациялық тоқыма, дизайн және декор» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға шақырамыз.

**В.ДЖАНПАИЗОВА,  
М. Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университеті «Тоқыма  
материалдарының  
технологиясы және  
жобалануы» кафедрасының  
доценті, х.ғ.к.**